

## Жаңа көшеге ат беру туралы

Бейнеу ауданы әкімдігінің 2008 жылғы 14 қазандағы N 83 шешімі. Бейнеу ауданының Әділет басқармасында 2008 жылғы 14 қарашада N 11-3-64 тіркелді.

**Р Қ А О - н ы ң е с к е р т п е с і .**

**Құжаттың мәтінінде түпнұсқаның пунктуациясы мен орфографиясы сақталған.**

Қазақстан Республикасының 1993 жылғы 8 желтоқсандағы "Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық құрылысы туралы" Заңының 14 бабының 4) тармақшасына сәйкес және Сарға ауылы халқының пікірін ескере отырып Сарға ауылының әкімі ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:

**Ескерту. Кіріспе жаңа редакцияда- Маңғыстау облысы Бейнеу ауданы Сарға ауылы әкімінің 10.07.2017 № 60 шешімімен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).**

1. Сарға ауылының бірінші және екінші аймақтарын бөліп жатырған шығыстан батысқа қарай орналасқан жетінші көшеге соғыс және еңбек ардагері Есбосынов Болысбай есімі берілсін.

**Ескерту. 1-тармақ жаңа редакцияда- Маңғыстау облысы Бейнеу ауданы Сарға ауылы әкімінің 10.07.2017 № 60 шешімімен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).**

2. Шешім Әділет басқармасынан мемлекеттік тіркеуден өткеннен кейін күшіне және алғаш ресми жарияланған 10 күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Ауыл әкімі:*

*А.Ізбасаров*